

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № КР ДСМ-90 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 тамызда № 24094 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 82) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

A. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 24 тамыздағы
№ КР ДСМ-90 бұйрыққа
қосымша

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 82) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заны 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлері дербес немесе денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейін диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен емшараларды орындауды және науқастарға, мүгедектер мен хал үстіндегі адамдарға күтімді қамтитын мультипәндік команда құрамында көрсететін медициналық көмек;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылыми, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

5) клиникалық хаттама – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

6) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және занды тұлғалар;

7) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және занды тұлғалар;

8) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) - адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді қамтитын халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауының жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

10) міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

11) міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі – міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысуышылар арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

12) міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтер тұтынушыларға ұсынылатын медициналық көмек көлемі;

13) отбасылық дәрігер – отбасы мүшелеріне медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету бойынша арнайы көпбейінді даярлықтан өткен және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты бар дәрігер;

14) патронаж – медицина қызметкерлерінің үй жағдайында профилактикалық және ақпараттық шараларды жүргізуі (нәрестеге патронаж, жукті әйелге, босанған әйелге, диспансерлік науқасқа патронаж);

15) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын медициналық көмек көлемі.

3. МСАК ұйымы халыққа медициналық көмек көрсетеді:

1) ТМККК шеңберінде;

2) МӘМС жүйесінде;

3) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. МСАК ұйымы Кодекстің 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің негізінде эпидемияға қарсы жұмыс режимін сақтай отырып медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

5. МСАК ұйымы "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ – 175/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ – 175/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес медициналық құжаттарды, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелер арқылы жүргізеді.

2-тaraу. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету тәртібі

6. Кодекстің 123-бабының 3-тармағына сәйкес МСАК жалпы практика дәрігерлері (отбасылық дәрігерлер), участекілік терапевтер, педиатрлар, фельдшерлер, акушерлер, кеңейтілген практика (жалпы практика) мейірлерлері, участекілік мейірлерлер, әлеуметтік жұмыскерлер, денсаулық сақтау саласындағы психологтар көрсетеді.

7. МСАК ұйымдары Кодекстің 123-бабының 2-тармағына сәйкес мынадай жұмыс қағидаттарын жүзеге асырады:

- 1) қызмет көрсетудің отбасылық қағидаты;
- 2) МСАК аумақтық қолжетімділігі;
- 3) аумақтық қолжетімділік шегінде медициналық ұйымды еркін таңдау;
- 4) пациенттің медициналық көмек сапасына қанағаттануы;
- 5) меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, тең құқықтылық және адал бәсекелестік;
- 6) профилактиканы, диагностиканы және емдеуді қамтитын МСАК көрсетілетін қызметтері пациенттердің тұрган жеріне қарамастан, олардың барлығына қолжетімді болуы.

8. Бекітілген халыққа қызмет көрсету үшін МСАК ұйымында участекеге мамандарды бекіте отырып участеке құрылады.

МСАК көрсететін ауылдық медициналық ұйымдарды қоспағанда, бір жалпы практика дәрігеріне бекітілген халықтың саны аралас халыққа 1 700 адамнан, участекілік терапевтке 2 200 адамнан, участекілік педиатрга – 0-ден 6 жасқа дейінгі 500 баладан, 7-ден 18 жасқа дейінгі 900 баладан аспайды.

9. Кодекстің 117-бабына сәйкес МСАК мынадай нысандарында беріледі:

- 1) шұғыл – бекітілу фактісіне байланыссыз денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

2) кезек күттірмейтін – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

3) жоспарлы – көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қатер төндірмейтін аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде бекіту орны бойынша алдын ала жазылумен немесе жүргінумен көрсетілетін медициналық көмек нысандарында беріледі.

10. МСАК Кодекстің 118-бабының 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) тармақшаларымен көзделген жағдайларды көмек көрсетеді.

11. МСАК Кодекстің 123-бабының 1-тармағымен айқындалған қызметтерді қамтиды.

12. МСАК:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес МСАК-тың медицина қызметкерлері (фельдшер, акушер, орта және (немесе) жоғары медициналық білімі бар мейіргер) көрсететін медициналық қызметтердің тізбесі бойынша аурулар кезінде немесе дәрігердің қатысуын талап етпейтін жағдайларда орта медицина қызметкерлері (участеклік мейіргер (жалпы практика мейіргері), фельдшер, акушер) көрсететін дәрігерге дейінгі медициналық көмекті;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес МСАК дәрігерлері (жалпы практика дәрігері, участеклік терапевт дәрігер және (немесе) участеклік педиатр) көрсететін медициналық қызметтер тізбесі бойынша жалпы практика дәрігері, участеклік терапевт дәрігер және (немесе) участеклік педиатр көрсететін білікті медициналық көмекті;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымындағы әлеуметтік қызметкер мен психолог қызметінің тізбесі бойынша денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкер мен психолог көрсететін медициналық-әлеуметтік көмекті қамтиды.

13. МСАК ұйымы Кодекстің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген халыққа мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде өнім берушінің денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген бірлесіп орындаушылармен бірлесіп орындау шартын жасасуы арқылы қамтамасыз етеді.

1-параграф. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету үйімдарында диагностика және емдеуді үйімдастыру тәртібі

14. МСАК ұйымына алғаш жүгінген кезде тіркеу орнында электрондық форматта медициналық ақпараттық жүйелерде № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасы ресімделеді.

Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда амбулаториялық пациенттің медициналық картасы қағаз түрінде ресімделеді, кейін медициналық ақпараттық жүйеге енгізіледі.

МСАК ұйымы бастапқы есепке алу медициналық құжаттың, оның ішінде электрондық түрде сақталуын қамтамасыз етеді.

15. Адамдар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүгіну себептері бойынша МСАК ұйымдарына жүгінеді.

16. Пациент шұғыл жай-күйіне, жіті ауруына (жай-күйі) немесе созылмалы ауруының асқынуына байланысты жүгінген жағдайда МСАК ұйымдарының мамандары клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика және емдеу әдістерін айқындайды.

Пациент жіті ауруына (жай-күйі) немесе созылмалы ауруының асқынуына байланысты МСАК ұйымдарына жүгінген жағдайда тіркеу орнының маманы немесе медицина қызметкері (учаскелік мейіргер (жалпы практика мейіргері), фельдшер, акушер) пациентті дәрігерге дейінгі кабинет (сұзгі) жібереді.

Дәрігерге дейінгі кабинетте (сұзгі) медицина қызметкері (учаскелік мейіргер (жалпы практика мейіргері), фельдшер, акушер) пациентті қарап болған соң қажетті дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді.

Білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсету жағдайлары кезінде медицина қызметкері кезекші дәрігерді немесе участекелік дәрігерді шақыртады. Көрсетілімі болған жағдайда медицина қызметкері жедел жәрдем бригадасын шақыруды және шұғыл нысанда бейін бойынша тәуліктік стационарға жіберуді қамтамасыз етеді.

Шұғыл емдеуге жатқызуды қарастырмайтын жағдайлар кезінде пациентті одан әрі байқау амбулаториялық деңгейде жүзеге асырылады, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қашықтықтан консультация беру арқылы жүзеге асырылады.

Коронавирустық инфекцияға құдікті пациенттерге және коронавирустық инфекциясы бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету қажет болған кезде бейінді мамандардың қашықтықтан консультациялары ұйымдастырылады

17. МСАК ұйымдарының мамандары пациентті құндізгі немесе тәуліктік стационарға жоспарлы нысанда Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы жібереді.

18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бүйрекшімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) бекітілген Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларына сәйкес МСАК ұйымдарында да төртінші жеделділік санатындағы жедел медициналық көмек шақыртуларына қызмет көрсету жүзеге асырылады.

19. МСАК ұйымында үйге бару арқылы мынадай қызметтер:

патронаж;

пациентке белсенді баруы;

үйге шақыртуы;

үй жағдайындағы стационар;

3 деңгейдегі медициналық оңалту;

отбасын жоспарлау, жүктілікті қауіпсіз ұзу, репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері бойынша қызметтер;

саламатты өмір салты бойынша іс-шаралар;

медициналық-әлеуметтік қолдау;

психологиялық көмек;

созылмалы ауруларды динамикалық байқау;

әлеуметтік мәні бар ауруларды динамикалық байқау;

рецепт жазу;

паллиативтік мобиЛЬДІК бригаданың шығуы;

Коронавирустық инфекцияға құдікті пациенттерге және коронавирустық инфекциясы бар пациенттерге мобиЛЬДІК бригаданың шығуы жүргізеді.

20. Патронаж:

- 1) 5 жасқа дейінгі балаларға, оның ішінде жаңа туған нәрестелерге;
- 2) жүкті және босанған әйелдерге;
- 3) өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы қаупі анықталған 5 жасқа дейінгі балалар, жүкті немесе босанған әйелдері бар отбасыларды байқау кезінде;
- 4) қозғалысы шектелген кезде асқынудан тыс созылмалы аурулары бар пациентке;
- 5) паллиативтік көмекке мұқтаж пациенттерге жүргізіледі.

21. 5 жасқа дейінге балалардың, оның ішінде жаңа туған нәрестелердің патронажы Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүргізіледі.

22. Жүкті әйелдер мен босанған әйелдердің патронажы Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүргізіледі.

23. Патронаж кезінде МСАК ұйымы міндетті жоспарлы ауруды жүргізеді, баланың өмірі, денсаулығы немесе дамуы үшін медициналық немесе әлеуметтік тәуекелдер анықталған жағдайларда жүкті әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге және ерекше қолдауды қажет ететін балаларға жеке жоспар бойынша қосымша белсенді ауруды жүргізеді.

Патронаждық бақылау барлық жүкті әйелдерге және 5 жасқа дейінгі балаларға ұсынылады және жүкті әйелге (жүктіліктің 12 аптасына және 32 аптасына дейінгі мерзімде) 2 босанғанға дейінгі патронаждан жүкті, жаңа туған нәрестелер мен 5 жасқа дейінгі балаларды дәрігердің немесе фельдшердің немесе орта медицина

қызметкерінің үйде және МСАК ұйымдарында қабылдауда жалпы бақылау схемасы бойынша балаларға 9 келуден тұрады.

Қазақстан Республикасында педиатриялық және акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына сәйкес жүкті әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балаларға патронаж жасаудың әмбебап-прогрессивтік тәсілінің схемасы (орта медицина қызметкерінің үйде патронаждық баруы) бойынша олардың өміріне, денсаулығына, дамуы мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы тәуекелдер анықталған жүкті әйелдер мен балаларға патронаждық бақылау ұсынылады, Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілдеп орган бекіткен тәртіппен жүргізіледі.

24. Қызметті алушы туралы мәліметтер (пациенттің немесе заңды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекенжайы, телефондары) "Бірыңғай төлем жүйесі" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

25. Участекіл мейіргердің жүкті әйелдерді патронаждау нәтижелерін 077/е нысаны бойынша жүкті және босанған әйелдің жеке картасына енгізеді, ал жаңа туған және 5 жасқа дейінгі балаларды № ҚР ДСМ -175/2020 бүйрықпен бекітілген 052/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына енгізеді және отбасымен жеке жұмыс жоспарын, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелер арқылы қалыптастырады.

Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда қағаз түрінде ресімделеді, кейін медициналық ақпараттық жүйеге енгізіледі.

26. Патронажды жүзеге асыру кезінде МСАК маманы: сантиметр лентасын, дene температурасын және бөлме температурасын өншеуге арналған термометрлерді, фонендоскоп пен тонометрді, қолды өндеуге арналған дезинфектант, медициналық алғашқы көмек көрсетуге арналған ең аз жиынтық, ақпараттық материалдарды пайдаланады. Медициналық ақпараттық жүйелерді, оның ішінде мобилдік қосымшаларды енгізген жағдайда МСАК маманы ұялы қосымшасы бар планшетті немесе смартфонды пайдалана алады.

27. МСАК ұйымының аға мейіргері немесе ол болмаған кезде участекіл дәрігер (жалпы практика дәрігері) патронаж ұйымдастыруды үйлестіреді.

28. МСАК ұйымдары маманының пациенттің үйіне, оның ішінде аула (пәтер) аралау арқылы белсенді баруы:

1) стационардан шыгару немесе жедел медициналық көмек станциясынан ақпаратты (активтерді) берген ауыр жағдайдағы пациенттердің қозғалуы шектелген кезде;

2) жүкті әйелдер белгіленген күннен кейін 3 күннің ішінде қабылдауға келмеген кезде;

3) босанған әйел көрсетілген мерзімде қабылдауға келмегендеге;

4) босанған әйел бекіту мәртебесіне қарамастан акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау үйымдарынан келіп түскен мәліметтер бойынша қызмет көрсету аумағына келген жағдайда жүзеге асырылады.

Пациенттің үйіне белсенді баруды участекелік медициналық мейіргер немесе фельдшер басымдықпен жүзеге асырады.

29. МСАК үйымдарының медицина қызметкерлері үйге шақыртуға қызмет көрсетуді участекелік (жалпы медициналық) қызметтің бөлім менгерушісі, ол болмаған кезде участекелік дәрігер (жалпы практика, терапевт (педиатр) дәрігер) үйлестіреді.

Үйге шақыруды қабылдауды МСАК үйымының тіркеу орны және (немесе) участекелік мейіргер немесе фельдшер жүзеге асырады.

30. Жеделділіктің төртінші санатындағы жедел медициналық көмекті шақыртуларды қоспағанда, қабылдауға денсаулығының жай-күйі мен аурудың сипаттамасы бойынша МСАК үйымына келу мүмкіндігі болмаған жағдайда адамдардың МСАК үйымдарына жүгінуі үйге шақыртуларға қызмет көрсету үшін көрсетілімдер болып табылады.

Участекелік мейіргердің немесе фельдшердің үйде шақыртуларға қызмет көрсетуі үшін мыналар көрсетілімдер болып табылады:

- 1) шақырту кезінде дене қызыуының 38^0C болуы;
- 2) жай-күйінің бұзылуынсыз артериялық қысымның артуы;
- 3) медициналық көмекті және үйде консультацияны қажет ететін жай-күйі, ауруы, жарақаттары (есінен айырылмау, қан кету белгілерінсіз, жай-күйінің кенеттен нашарламауы).

Участекелік дәрігердің үйде шақыртуларға қызмет көрсетуі үшін мыналар көрсетілімдер болып табылады:

1) шақыртуға қызмет көрсеткен участекелік мейіргердің немесе фельдшердің шақыртуды қабылдауы кезінде МСАК-тың тіркеу бөлімі бағалаған дәрігердің үйде тексеріп-қарауын қажет ететін жай-күйі;

2) вакциналаудан кейінгі жағдайдың нашарлауы.

5 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге және босанған әйелдерге денсаулық жай-күйінің кез-келген нашарлауы кезінде, жедел медициналық көмек шақыртуларын қоспағанда, үйде қызмет көрсетіледі. 65 жастан асқан, қозғалысы шектелген адамдарға үйде қызмет көрсетіледі.

31. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген жүкті және босанатын әйелдерге белсенді бару нәтижелері жүкті және босанатын әйелдің жеке картасына № 077/е нысан бойынша енгізіледі, ал 5 жасқа дейінгі балалар мен 65 жастан асқан адамдардың амбулаториялық пациенттің медициналық картасына № 052/е нысан бойынша енгізіледі.

32. Емдеу емшаралары мен манипуляцияларды жүргізу және ұйымға бару мүмкіндігі болмаған жағдайда медициналық көрсетілімдері бойынша үйдегі стационар қызметтері жүргізіледі.

33. Пациенттерді үйде стационарда және құндізгі стационар жағдайында жүргізуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 16-тармағының 47) тармақшасына сәйкес бекітілген Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес МСАК ұйымының медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

34. МСАК ұйымы Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

35. Амбулаториялық емді анықтаған және емдік шараларды тағайындаған жағдайда пациентке Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21493 болып тіркелген) бекітілген рецептерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларына сәйкес дәрілік заттарға рецепт жазып беру жүзеге асырылады және МСАК ұйымының емшара кабинетіне немесе емдік шараларды үйде тағайындауға жолдама береді. Амбулаториялық емнің тиімділігін және оған түзету енгізуді емдеуге жолдама берген МСАК дәрігері жүргізеді.

36. Осы қызмет түріне аттестатталған медициналық білімі бар мамандарды (дәріхана объектілері жоқ елді мекендердегі дәрігерлік амбулаторияларды, медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттерді) қоспағанда, МСАК ұйымдарының медицина қызметкерлерінің дәрілік заттар беруіне жол берілмейді.

37. МСАК ұйымдарында ТМККК шенберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде бекітілген халықты дәрілік қамтамасыз ету Кодекстің 7-бабының 47) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) женілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдарында профилактика және сауықтыруды ұйымдастыру тәртібі

38. МСАК ұйымында аурулардың аурулардың профилактикасы:

1) профилактикалық медициналық қарап-тексеруді, оның ішінде халықтың нысаналы топтарын;

2) бекітілген халық ауруларының мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтау және мониторингтеу және анықталған қауіп факторларын төмендету дағдыларына үйретуді;

- 3) иммундауды;
- 4) саламатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттауды;
- 5) репродуктивті денсаулықты сақтау іс-шараларын;
- 6) жүкті және босанған әйелдерді антенаталдық байқауды және босанған әйелдерді кеш босанудан кейінгі кезеңде байқауды;

7) инфекциялық аурулар ошағында санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтиды.

39. "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) сәйкес нысаналы топтарды профилактикалық медициналық қарап-тексеру және мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау диагностикалық қызметтердің кезеңділігімен, жиілігімен және көлемімен жүргізіледі.

40. Мінез-құлықтық тәуекел факторлары бар адамдардың мінез-құлқын өзгерту бойынша профилактикалық консультациялар жүргізу және егжей-тегжейлі ұсынымдар беру үшін МСАК үйымы тіркелген халықта анықталған тәуекел факторларын төмендету дағдыларына оқытуды қамтамасыз етеді. Бұл оқытуды МСАК үйымының маманы профилактикалық кабинеттерде немесе арнайы бөлінген аймақтарда, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қашықтықтан консультация беру арқылы жүргізеді.

41. Халықтың ақпараттануы мен саматтылығын арттыру, сондай-ақ МСАК мамандарына саламатты өмір салтын қалыптастыру, тамақтану мәселелері және денсаулықты сақтаудың басқа да өзекті мәселелері бойынша консультация беру жөніндегі іс-шараларды саламатты өмір салтын қалыптастыру, тиімді тамақтану саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау үйымы жүргізеді.

42. МСАК үйымы репродуктивтік денсаулықты сақтау бойынша қызметтер көрсетеді:

1) жүкті әйелдерді босануға, оның ішінде серіктес босануға дайындау бойынша босанғанға дейінгі оқытуды жүргізу, жүкті әйелдерді мазасыздық белгілері туралы, тиімді перинаталдық технологиялар, ана болу қауіпсіздігі, емшекпен қоректендіру және перинаталдық күтім қағидаттary туралы хабардар ету;

2) отбасын жоспарлау мәселелері бойынша консультация беру және қызметтер көрсету;

3) бейінді мамандарға жіберу үшін жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың профилактикасы және анықтау;

4) қаламаған жүктілік пен қауіпсіз аборттың профилактикасы;

5) репродуктивтік ағзалар ісігінің профилактикасы (жатыр мойны мен сұт безі ісігі).

43. МСАК ұйымы Кодекстің 7-бабының 32-тармағына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүкті әйелдерді антенаталдық бақылауды, босанған әйелдерді кеш босанғаннан кейінгі бақылауды, экстрагениталдық патологиясы бар фертилдік жастағы әйелдерді динамикалық бақылауды қамтамасыз етеді.

44. МСАК ұйымы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың ауыз қуысына профилактикалық тексеру жүргізуі және балаларды тіс және ауыз қуысының сілемейлі қабығын күту бойынша санитариялық-гигиеналық дағыларға оқытуды өз бетінше немесе стоматологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп орындау шартын жасау жолымен қамтамасыз етеді.

45. МСАК участкесі деңгейінде инфекциялық аурулардың профилактикасына:

дер кезінде сырқаттанғандарды анықтау;

профилактикалық егулер жүргізу;

инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жатады.

Бекітілген халықтың арасында инфекциялық ауруларды белсенді анықтау МСАК ұйымдарының медицина қызметкери пациентке үйде белсенді бару жолымен аулаларды (пәтер бойынша) аралау жолымен инфекциялық аурудың өршуі туралы ресми хабарлама алған кезде жүзеге асырылады.

46. МСАК ұйымы инфекциялық аурулардың профилактикасы мақсатында "Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесіне және медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізу мерзімдерінің қағидаларына сәйкес профилактикалық екпелер жүргізуі қамтамасыз етеді.

47. МСАК ұйымы Ереженің 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес халыққа профилактикалық егулер жүргізеді.

48. Профилактикалық егулерді есепке алу егу жүргізілетін орын бойынша денсаулық сақтау объектілерінде, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, білім беру объектілерінде № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 066/е нысаны бойынша профилактикалық егулерді есепке алу журналы, № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелер картасы, № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасы сақталатын есепке алу нысаны бойынша, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асырылады.

Техникалық мүмкіндік болмаған кезде кейіннен медициналық ақпараттық жүйеге енгізе отырып, қағаз түрінде ресімделеді.

49. МСАК ұйымының мамандары бекітілген халық арасында иммундық профилактика мәселелері бойынша, оның ішінде вакцинациялаудан бас тартатын адамдармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

50. МСАК ұйымы Ереженің 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген инфекциялық аурулардың ошақтарындағы жұмысты ұйымдастырады және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

51. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-162/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21537 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емдеу кезінде стационарлық жағдайда мамандырылған медициналық көмек көрсетілетін инфекциялық, паразиттік аурулар және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-121/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21407 болып тіркелген) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне сәйкес аурулар анықталған жағдайда, МСАК мамандары іс-шараларды реженің 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

52. МСАК ұйымы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21695 болып тіркелген) бекітілген туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығы) сәйкес, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелер арқылы туберкулездің профилактикасы, белсенді ерте анықтау және диагностикасы жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүргізеді.

53. МСАК ұйымы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21692 болып тіркелген) АИТВ-инфекциясының бар-жоғына міндettі құпия медициналық зерттең-қарау қағидаларына сәйкес эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша АИТВ-инфекциясының бар-жоғына зерттең-қарауды ұйымдастырады және жүргізеді.

54. МСАК ұйымы Кодекстің 7-бабының 32-тармағына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес үекілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмекті ұйымдастыру стандартына сәйкес обыр алды және онкологиялық аурулардың профилактикасы және белсенді ерте анықтау жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүргізеді.

55. МСАК ұйымы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21712 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-элеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-224/2020 бүйрығы) сәйкес психикалық және мінез-құлыштық бұзылулармен ауыратын науқастардың профилактикасы және оларды белсенді ерте анықтау жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүргізеді.

3-параграф. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында динамикалық байқауды, оналтуды және паллиативтік көмекті, еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізуі ұйымдастыру тәртібі

56. МСАК ұйымының мамандары "Динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-109/2020 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21262 болып тіркелген) сәйкес созылмалы аурулары бар пациенттерді динамикалық байқауды жүзеге асырады.

Пациент тіркелген жері бойынша МСАК ұйымында динамикалық байқау үшін ұшқұжаттың бірінің негізінде есепке қойылады:

- 1) МСАК дәрігерінің қорытындысы;
- 2) бейінді маманның консультациялық қорытындысы;
- 3) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмелер.

57. Динамикалық байқауға алғаш алынған пациентті ресімдеу кезінде участекелік мейірлер № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен бекітілген 052/е "динамикалық байқау" нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына 5-қосымша паралықты, оның ішінде медициналық ақпараттың жүйелер арқылы толтырады.

Техникалық мүмкіндік болмаған кезде кейіннен медициналық ақпараттық жүйеге енгізе отырып, қағаз түрінде ресімделеді.

58. Созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқауды МСАК ұйымдарының мамандары: МСАК дәрігерлері (жалпы практика дәрігері, участекелік терапевт дәрігері және (немесе) участекелік педиатр), орта медицина қызметкерлері (участекелік мейіргер немесе фельдшер) жүзеге асырады.

Көрсетілімдер болған кезде денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және саламатты өмір салты кабинеттерінің мамандары тартылады.

59. Участекелік мейіргерді, МСАК дәрігерін, бейінді мамандарды, зертханалық және аспаптық зерттеулерді тексеру тізбесі, көлемі, кезеңділігі, байқау мерзімдері, есептен шығару өлшемшарттары "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығы) сәйкес айқындалады.

60. Созылмалы аурулары бар пациенттерді динамикалық байқау Ауруларды басқару бағдарламасы шенберінде № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

61. Туберкулезді бастап өткөрген науқастарды туберкулезben ауыру қаупі жоғары III топтағы адамдарды динамикалық байқау № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Кодектің 7-бабының 32-тармағына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес онкологиялық науқастарды динамикалық байқау Ia тобындағы қатерлі ісіктерге құдікті аурулармен ауыратын пациенттерге, Ib тобындағы ісікалды аурулармен ауыратын пациенттерге, паллиативтік немесе симptomдық емдеуге жататын IV топтағы қатерлі ісіктердің таралған нысанымен ауыратын пациенттерге жүргізіледі.

62. Созылмалы аурулары бар адамдарға көрсетілімдер болған жағдайда МСАК ұйымы медициналық оналту, паллиативтік көмек және арнайы әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсетүмен мейіргерлік күтім қызметтерін көрсетеді.

63. МСАК ұйымы Кодектің 7-бабының 32-тармағына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына сәйкес медициналық оналту, паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етеді.

64. МСАК ұйымы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) бекітілген халыққа паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына және

Кодекстің 7-бабының 32-тармағына және 138-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының халқына мейіргерлік күтім көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес көрсетуді қамтамасыз етеді.

65. МСАК ұйымы еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу ді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

3-тaraу. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

66. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес МСАК ұйымдарымен мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

- 1) дәрігердің қабылдауына жазылу;
- 2) дәрігерді үйге шақыру;
- 3) МСАК көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру;
- 4) МСАК көрсететін медициналық ұйымға бекіту.

67. МСАК ұйымы пациентке өз бетінше жүгінген кезде телефон байланысы арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – ЭУП) арқылы "Дәрігердің қабылдауына жазылу" мемлекеттік қызметін ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) МСАК ұйымы ЭУП арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын "Дәрігердің қабылдауына жазылу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Пациент өз бетінше немесе МСАК ұйымына телефон байланысы арқылы жүгінген кезде МСАК мамандары "Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу" журналына жазба енгізеді және дәрігердің қабылдау кестесіне сәйкес ауызша түрде дәрігердің қабылдау уақыты мен күні көрсетілген жауапты береді.

Пациент ЭУП арқылы жүгінген кезде пациентке "Жеке кабинетке" электрондық өтінім мәртебесі түрінде хабарлама түседі. "Дәрігердің қабылдауына жазылу"

мемлекеттік қызметтің көрсетуге сұраныс қабылданғаннан кейін пациентке медициналық көмек белгіленген уақытта көрсетіледі.

МСАК ұйымы Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі мақсатында ақпараттық жүйеге "Дәрігердің қабылдауына жазылу" мемлекеттік қызмет көрсету туралы деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

68. МСАК ұйымы пациентке өз бетінше жүгінген кезде телефон байланысы немесе ЭҮП арқылы "Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік қызметтің ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) МСАК ұйымы ЭҮП арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

"Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Пациент МСАК ұйымына өз бетінше немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде МСАК мамандары "Шақыруларды тіркеу журналына" жазба жасайды және ауызша түрде дәрігердің келу күні мен уақыты көрсетілген жауапты береді. "Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге сұраныс қабылданғаннан кейін үйде медициналық көмек белгіленген уақытта көрсетіледі.

Пациент ЭҮП арқылы жүгінген кезде пациентке "Жеке кабинетке" электрондық өтінім мәртебесі түрінде хабарлама түседі. "Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге сұраныс қабылданғаннан кейін пациентке медициналық көмек белгіленген уақытта көрсетіледі.

МСАК Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі мақсатында ақпараттық жүйеге "Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік қызметтің көрсету туралы деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

69. "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік қызметтің алу үшін пациенттер МСАК ұйымына өз бетінше жүгінеді немесе ЭҮП арқылы жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) МСАК ұйымы ЭҮП арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

"Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Пациент МСАК үйымына тікелей жүгінген кезде МСАК мамандары медициналық ақпараттық жүйеде пациенттің динамикалық байқаудағы жай-күйі/жағдайы туралы тексеруді жүзеге асырады, содан кейін № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/е нысаны бойынша әлеуметтік мәні бар ауруларды қоспағанда (туберкулез, адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауру, психикалық, мінез-құлықтың бұзылуы (аурулар)) диагноздың атауын көрсете отырып, "медициналық қорытынды" 5-тармағын толтыра отырып анықтама ресімдейді және участекілік дәрігердің немесе жалпы практика дәрігерінің жеке қолымен және мөрімен және МСАК үйымының мөрімен қуәландырылады.

Пациент ЭҮП арқылы жүгінген кезде МСАК үйымының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) электрондық құжат нысанындағы медициналық үйымнан анықтама қалыптастырылады, ол "Жеке кабинетке" жіберіледі.

Нәтижесінде МСАК үйымынан динамикалық бақылаудағы жай-күйі және (немесе) жай-күйі туралы анықтама беріледі.

МСАК үйымы Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсете мониторингі мақсатында ақпараттық жүйеге "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық үйымнан анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсете туралы деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

70. Тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша МСАК үйымына бекіту Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) бекітілген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау үйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларына сәйкес "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық үйимфа бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне жүзеге асырылады.

4-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсете мәселесі жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіру тәртіби

Ескерту. 4-тaraу жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25 -бабының 2) тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін көрсетілетін

қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

72. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің медицина қызметкерлері (фельдшер, акушер, орта және (немесе) жоғары медициналық білімі бар мейіргер) көрсететін медициналық қызметтердің тізбесі

№ p/c	Қызметтердің коды	Қызметтердің атауы
1.	A01.008.000	Қабылдау: Фельдшер
2.	A01.008.002	Аурулардың профилактикасы сұраптары бойынша халықты оқыту: Фельдшер
3.	A01.008.003	Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Фельдшер
4.	A01.008.008	Қарau кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Фельдшер
5.	A01.008.009	Ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру: Фельдшер
6.	A01.008.010	Тістерге және ауыз қуысының шырышты қабығына қутім жасау бойынша балаларды санитариялық-гигиеналық дағдыларға үйрету: Фельдшер

7.	A01.008.012	Медициналық оңалтудың кешенді қызметтері: Фельдшер
8.	A01.008.013	Шұғыл медициналық көмек көрсету: Фельдшер
9.	A01.009.000	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер
10.	A01.009.002	Аурулардың профилактикасы сұраптары бойынша халықты оқыту: Жоғары білімі бар мейіргер
11.	A01.009.003	Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Жоғары білімі бар мейіргер
12.	A01.009.008	Карау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Жоғары білімі бар мейіргер
13.	A01.009.009	Ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру: Жоғары білімі бар мейіргер
14.	A01.009.010	Тістерге және ауыз қуысының шырышты қабығына күтім жасау бойынша балаларды санитариялық-гигиеналық дағдыларға үйрету: Жоғары білімі бар мейіргер
15.	A01.009.012	Медициналық оңалтудың кешенді қызметтері: Жоғары білімі бар мейіргер
16.	A01.010.000	Қабылдау: Орташа білімі бар мейіргер
17.	A01.010.002	Аурулардың профилактикасы сұраптары бойынша халықты оқыту: Орта білімі бар мейіргер
18.	A01.010.003	Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Орта білімі бар мейіргер
19.	A01.010.008	Карау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Орта білімі бар мейіргер
20.	A01.010.009	Ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру: Орта білімі бар мейіргер
21.	A01.010.010	Тістерге және ауыз қуысының шырышты қабығына күтім жасау бойынша балаларды санитариялық-гигиеналық дағдыларға үйрету: Орта білімі бар мейіргер
22.	A01.010.012	Медициналық оңалтудың кешенді қызметтері: Орта білімі бар мейіргер
23.	A01.011.000	Қабылдау: Акушер
24.	A01.011.003	Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Акушер
25.	A01.011.008	Карау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Акушер
26.	A01.011.013	Жүкті әйелдерді және отбасы мүшелерін босануға дайындау мектебі: Акушер

Зертханалық диагностика (дәрігерге дейінгі медициналық көмек)

27.	B03.866.003	Экспресс әдісімен несептің көрсеткіштерін (рН, лейкоциттер, эритроциттер, уробилиноген, нитриттер, акуыз) анықтау
28.	B03.401.003	Экспресс әдісімен қан сарысуындағы жалпы холестеринді анықтау
29.	B03.335.003	Экспресс әдісімен қан сарысуындағы глюкозаны анықтау
30.	B03.486.003	Экспресс әдісімен бойынша қан сарысуындағы триглицеридтерді анықтау
31.	B03.517.003	Экспресс әдісімен несептегі адамның хориондық гонадотропинін (ХГА) анықтау (жүктілікке арналған тест)
32.	B03.860.003	Экспресс әдісімен АИТВ-1,2-ға және антиген p24-ке сомалық антиденелерді анықтау
33.	B03.861.003	Экспресс әдісімен қан сарысуындағы Treponema Pallidum антиденелерді анықтау (мерезге экспресс тест)
34.	B03.862.003	Экспресс әдісімен қан сарысуындағы С вирустық гепатитінің вирусына жиынтық антиденелерді анықтау
35.	B03.863.003	Экспресс әдісімен қан сарысуындағы HBsAg анықтау
36.	B03.870.003	Экспресс әдісімен ұрықжанындағы судың болуына сүртіндін зерттеу

Ем-шаралар мен манипуляциялар

37.	D99.293.012	Венадан қан алу
38.	D99.296.013	Саусақтан қан алу
39.	D91.496.105	Онкоцитологияға сүртінді алу

40.	D91.496.106	Қынаптың тазалық дәрежесіне сүртінді алу
41.	D91.293.012	Микробиологиялық зерттеуге материал алу
42.	D99.590.020	Манту сынамасын жүргізу
43.	D99.590.021	Диаскинест жүргізу
44.	D96.330.014	Асқазанды шаю
45.	D96.390.015	Клизма
46.	A01.009.018	Ингаляция жүргізу
47.	A01.009.019	Тыныс алу жолдарын электр сорғымен санациялау
48.	A01.009.020	Күкірт тығындарын жуу
49.	A01.009.021	Мұрын құystарын санитариялық тазарту
50.	A01.009.022	Назогастральды зондты қою
51.	A01.009.023	Дуоденальды зондтау
52.	A01.009.024	Қыықтың катетеризациясы
53.	A01.009.025	Перифериялық көктамырларды катетеризациялау
54.	A01.009.026	Көлік иммобилизациясы
55.	A01.009.027	Қынаптың санациясы
56.	A01.009.028	Көзді жуу (дәрілік заттардың құнын есепке алмаганда)
57.	A01.009.029	Дабыл құысын шаю
58.	A01.009.030	Дезо танғышын салу
59.	A01.009.031	Субконъюнктивалық инъекция (дәрілік заттардың құнын есепке алмаганда)

Мейіргер күтімін қажет ететін ем-шаралар мен манипуляциялар

60.	D93.891.018	Улken жастағы пациентке мейіргер күтімін жасау рәсімдері
61.	D93.891.019	Пациентті отбасы мүшелерін күтім жасау элементтері мен гигиенаға үйрету
62.	D93.891.020	Төсекжараның профилактикасы және тазарту
63.	D93.571.415	Тану
64.	D93.891.022	Ауыр пациентті қырындыру, тырнағына және шашына күтім жасау
65.	D93.891.023	Ауыр пациенттің ауыз құысына күтім жасау
66.	D93.891.024	Ауыз-жұтқыншақтан сілемейді сору
67.	D93.891.025	Оростомалар, эзофагостомалар кезіндегі құрал
68.	D93.891.026	Трахеостома кезіндегі құрал
69.	D93.891.027	Назогастралдық сұнгіге, мұрын канюнялары мен катетерге күтім жасау
70.	D93.891.028	Жогарғы тыныс алу жолдарынан сілемейді сору
71.	D93.891.029	Мұрыннан сілемейді сору
72.	D93.891.030	Фарингостома кезіндегі құрал
73.	D93.891.031	Интраназалдық дәрілік препараттарды енгізу
74.	D93.891.032	Гастростома кезіндегі құрал
75.	D93.891.033	Назогастралдық сұнгіге күтім жасау
76.	D93.891.034	Ауыр пациентті гастростом арқылы тамақтандыру
77.	D93.891.035	Илеостома кезіндегі құрал
78.	D93.891.036	Интистиналдық сұнгіге күтім жасау
79.	D93.891.037	Ауыр пациентті интистиналдық сұнгі арқылы тамақтандыру
80.	D93.891.038	Илеостомаға күтім жасауды үйрету

81.	D93.891.039	Тоқ ішектің стомалары кезінде құрал
82.	D93.891.040	Колостомаға күтім жасауды үйрету
83.	D93.891.041	Ауыр пациенттің дефекациясы кезіндегі құрал
84.	D93.891.043	Газ шығару түтігін қою
85.	D93.891.044	Копролитті алу
86.	D93.891.045	Нәжісті ұстамау кезіндегі құрал
87.	D93.891.046	Сифондық клизманы қою
88.	D93.891.047	Қынаптың (пессария)қолдау сақинасын қою, алып тастау
89.	D93.891.048	Сыртқы есту өтісіне күтім жасау
90.	D93.891.049	Ауыр пациенттің көздеріне күтім жасау
91.	D93.891.050	Конъюнктивалық қысқа дәрілік заттарды инстилляциялау
92.	D93.891.051	Ауыр пациент несеп шығарған кездегі құрал
93.	D93.891.052	Несеп катетеріне күтім жасау
94.	D93.891.053	Цистостомаға және уростомаға күтім жасау
95.	D93.891.054	Несеп ұстамаған кездегі құрал
96.	D93.891.055	Ауыр пациенттің төсегін ауыстыру және/немесе жатқызу
97.	D93.891.056	Ауыр халдегі пациентті мекеменің ішінде тасымалдау
98.	D93.891.057	Ауыр халдегі пациентті ауыз арқылы және/немесе назогастралдық сұнгімен тамақтандыру
99.	D93.891.058	Ауыр халдегі пациенттің төсек-орнын дайындау және ауыстыру
100.	D93.891.059	Ауыр халдегі пациенттің ішкимін және киімін ауыстыру бойынша құрал
101.	D93.891.060	Ауыр халдегі пациенттің бұтаралық және сыртқы жыныс мүшелеріне күтім жасау
102.	D93.891.061	Дренажға күтім жасау
103.	D93.891.062	Дәрілік препараттарды парентералдық енгізу кезіндегі құрал
104.	D93.891.063	Төсекжараның дамуына қауіп дәрежесін бағалау
105.	D93.891.064	Төсекжараның ауырлық дәрежесін бағалау
106.	D93.891.065	Ауырсу қарқындылығын бағалау
107.	D93.891.066	Пациенттің отбасы мүшелерін төсекке жатқызу және/немесе ауыстыру техникасына үйрету
108.	D93.891.067	Пациенттің төсекте және (немесе) креслода ауысуы кезінде өз-өзіне көмектесуіне үйрету
109.	D93.891.068	Пациентті балдақпен жүргуге үйрету
110.	D93.891.069	Пациент қосымша тіректердің көмегімен жүруі кезінде өз-өзіне көмектесуіне үйрету
111.	D99.590.019	Препараттың бағасынсыз вакцинациялау

112	D97.311.050	Тігістерді алу, лигатурларды алып тастау
113	D04.001.000	Профилактикалық кабинеттерде, сауықтыру мектептерінде оқыту
114	D04.002.000	Науқастар мен олардың отбасыларын созылмалы ауруларды басқару бағдарламаларына сәйкес өзін-өзі бақылау, өзін-өзі және өзара көмек көрсетуге үйрету
115	D04.003.000	"Кызу желі" телефоны бойынша консультация

Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің медицина қызметкерлері көрсететін ем-шара кабинеті қызметтердің тізбесі

116	D99.590.022	Бұлшықетішілік инъекциясы (дәрілік заттардың бағасын есептемегенде)
117	D99.590.023	Венаішілік инъекциясы (дәрілік заттардың бағасын есептемегенде)
118	D99.590.024	Теріасты инъекциясы (дәрілік заттардың бағасын есептемегенде)

Медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсету
қағидаларына
2-қосымша

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігерлері (жалпы практика дәрігері, участекелік терапевт және (немесе) участекелік педиатр дәрігер) көрсететін медициналық қызметтердің тізбесі

№ р/ с	Қызметтердің коды	Қызметтердің атауы
1.	A01.001.000	Қабылдау: Терапевт
2.	A01.001.002	Пациентті сауықтыру жоспарын құру: Участекелік терапевт
3.	A01.001.005	Отбасын жоспарлау және жүктілікті қауіпсіз үзу мәселелері бойынша консультация: Участекелік терапевт
4.	A01.001.006	Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Участекелік терапевт
5.	A01.001.007	Пациенттің отбасының әлеуметтік статусын бағалауы: Участекелік терапевт
6.	A01.002.000	Қабылдау: Педиатр
7.	A01.002.002	Пациентті сауықтыру жоспарын құру: Участекелік педиатр
8.	A01.002.007	Әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде пациенттің отбасының әлеуметтік статусын бағалауы: Участекелік педиатр
9.	A01.003.000	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)
10.	A01.003.002	Пациентті сауықтыру жоспарын құру: Жалпы практика дәрігері
11.	A01.003.005	Отбасын жоспарлау және жүктілікті қауіпсіз үзу мәселелері бойынша консультация: Жалпы практика дәрігері
12.	A01.003.006	Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Жалпы практика дәрігері
13.	A01.003.007	Әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде пациенттің отбасының әлеуметтік статусын бағалауы: Жалпы практика дәрігері
Зертханалық диагностика (мамандандырылған медициналық көмек)		
14.	B02.061.002	Қандағы эритроциттердің отыру жылдамдығын (ЭОЖ) қолмен өлшеу

15.	B03.864.003	Экспресс әдісімен қандағы гемоглобинді анықтау
16.	B03.865.003	Экспресс әдісімен қандағы лейкоциттерді анықтау
17.	B03.867.003	Экспресс әдісімен тропонинді анықтау
18.	B03.868.003	Экспресс әдісімен гликириленген гемоглобинді анықтау
19.	B03.869.003	Экспресс әдісімен протромбиндік уақытта портативтік талдауышта МНО-ны анықтау
20.	B06.672.012	АВО жүйесінде стандартты сарысулармен қан тобын анықтау
21.	B06.673.012	АВО жүйесі бойынша моноклоналдық реагенттермен стандартты сарысумен (цоликлондармен) қан тобын анықтау
22.	B06.677.012	Қандағы резус-факторды анықтау
Функциялық және аспаптық диагностика		
23.	C02.001.000	Электрокардиографикалық зерттеу (12 жалғамдық)
24.	C02.033.000	Автоматтандырылған аппараттарда жазу кезіндегі спирография
25.	C02.048.000	Динамометрия
26.	C02.054.000	Пульсоксиметрия

Медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсету
қағидаларына
3-қосымша

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымындағы әлеуметтік қызметкер мен психолог қызметтерінің тізбесі

№ р /с	Қызметтердің коды	Қызметтердің атауы
Психологтың қызметтері		
1.	A01.005.000	Қабылдау: Психолог
2.	A01.005.001	Бала суицидінің профилактикасы бойынша сабактар өткізу: Психолог
3.	A01.005.002	Мінез-құлық және психикалық белсенді бұзылуларға құдіктенген кезде қабылдау: Психолог
4.	A01.005.003	Әлеуметтік мәселелер бойынша, оның ішінде жастық бейімделу мәселелері бойынша консультация беру: Психолог
5.	A01.005.009	Созылмалы аурулармен ауыратын пациентті өзіндік менеджментке үйрету: Психолог
Әлеуметтік қызметкердің қызметтері		
6.	A01.006.000	Қабылдау: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер
7.	A01.006.001	Медициналық-әлеуметтік зерттеп-карауды ұйымдастыру және өткізу: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер
8.	A01.006.002	Пациенттің отбасы мүшелерін үй жағдайында өткізілетін медициналық күтім жасау негіздеріне үйрету: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер
9.	A01.006.003	Әлеуметтік мәселелер бойынша, оның ішінде жастық бейімделеу бойынша консультация беру: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер
10.	A01.007.000	Қабылдау: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер
11.	A01.007.001	Медициналық-әлеуметтік зерттеп-ұйымдастыру және жүргізу: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер

12.	A01.007.002	Пациенттің отбасы мүшелерін үй жағдайында өткізілетін медициналық күтім жасау негіздеріне үрету: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер
13.	A01.007.003	Әлеуметтік мәселелер бойынша, оның ішінде жастық бейімделеу бойынша консультация беру: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер

Медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсету
қағидаларына
4-қосымша

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек үйымдарына жүгіну себептері

№ р/ с	Жүгіну п/ себептерінің тобы	
1. Ауруы		Жүгіну себептерінің атауы
		Шұғыл жай-күйлер
		Жіті аурулар (жай-күйі) және (немесе) созылмалы аурулардың асқынуы
		Әлеуметтік мәні бар ауруға күдік
		Актив
		Медициналық оналту (3 деңгей)
		Шұғыл стоматологиялық көмек
		Жоспарлы стоматологиялық көмек
		Жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға ортодонтиялық көмек
		Аз қамтылған отбасы балаларына ортодонтиялық көмек
		Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана ізденген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін ауру кезіндегі қызметтер
2. Жарақат		Жіті жаракат (травмпункт, амбулаториялық-емханалық үйымдар)
		Жарақаттың салдары (амбулаториялық-емханалық үйымдар)
		Жарақаттың салдары (жастар денсаулық орталықтары)
3. Профилактика		Коронавирустық инфекциясымен ауырған науқасты тексеру
		Профилактикалау мақсатындағы жүгіну (скринингтен басқа)
		Иммунопрофилактика
		Скрининг (профилактикалық медициналық қарап-тексерулер)
		Патронаж
		Отбасын жоспарлау, жүктілікті қауіпсіз үзу, репродуктивті денсаулыкты сактау мәселелері бойынша қызметтер
		Антеннатальді байқау кезінде қабылдау
		Постнатальді байқау кезінде қабылдау
		Білім алушылардың денсаулығын сактау бойынша қызметтер (мектеп медицинасы)
		Саламатты өмір салты бойынша іс-шаралар
4.		Ақылы медициналық қарau
		Созылмалы аурулармен ауыратындарды динамикалық байқау (оның ішінде Ауруларды басқару бағдарламасы)
		Әлеуметтік мәні бар аурулармен динамикалық байқау

	Динамикалық (диспансерлік) байқау	Бейінді мамандардың бақылауына жататын созылмалы аурулармен динамикалық байқау
5.	Медициналық әлеуметтік қызметтер	Медициналық әлеуметтік қолдау Психологиялық көмек
6.	Әкімшілік	Әкімшілік Медициналық әлеуметтік сараптамаға құжаттар ресімдеу Рецепт жазу
7.	Коронавирус инфекциясына зерттең-қарау	Коронавирустық инфекцияға құдікті Жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде коронавирус инфекциясына зерттең-қарау (емдеуге жатқызуға дейінгі зерттең-қарау), оның ішінде мерзімі 37 апта болған жүкті әйелдерді босандыруға, гемодиализдегі пациенттер

Медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсету
қағидаларына
5-қосымша

"Дәрігердің қабылдауына жазылу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Қызмет берушінің атауы	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымы (бұдан әрі – МСАК ұйымы) (тікелей немесе МСАК ұйымының телефоны бойынша өтініш берген кезде); 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	МСАК ұйымдарына өтініш берген кезде (тікелей немесе телефон бойынша): 1) МСАК ұйымына құжаттарды тапсырған сәттен бастап 10 (он) минуттан аспайды; 2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ен ұзақ уақыты – 10 (он) минут; 3) МСАК ұйымына қызмет көрсетудің рұқсат етілген ен ұзақ уақыты – 10 (он) минут, осы уақыт ішінде пациентке ауызша жауап беріледі; ЭҮП арқылы өтініш берген кезде: 1) құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 30 (отыз) минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) МСАК ұйымына тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде – шақыртуларды тіркеу журналында жазу және дәрігерлердің қабылдау кестесіне (бұдан әрі – кесте) сәйкес дәрігердің келетін күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру; 2) ЭҮП-ке жүгінген кезде – жеке кабинетінде электрондық өтінім статусы түрінде хабарлама.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Казақстан Республикасының заңнамасында көзделген	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.

	жағдайларда оны алу тәсілдері	
7	Жұмыс кестесі	<p>1) МСАК үйімі – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма – үзіліссіз сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі – сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін);</p> <p>2) ЭҮП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) МСАК үйіміна: тікелей жүтінген жағдайда жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>2) ЭҮП-ке: электрондық нұсқадағы сұраныс.</p> <p>МСАК үйімі жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды ЭҮП-те тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе ЭҮП хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау үйімдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 карашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzlімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін осы медициналық үйімға бекітілмеуі.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Пациент ЭҮП тіркелген субъектінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру жолымен немесе ЭҮП хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Пациенттің ЭЦҚ болған жағдайда ЭҮП арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ-ны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандустың, загиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жолды шақыру түймесінің, куту залының, құжаттардың үлгілері бар тіректердің болуы.</p>

алғашқы көмек көрсету

қағидаларына

6-қосымша

"Дәрігерді үйге шақыру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Қызмет берушінің атауы	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) МСАК ұйымы (тікелей немесе пациенттің телефоны бойынша, сондай-ақ медициналық ақпараттық жүйелер арқылы етініш берген кезде); 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	MСАК ұйымына етініш берген кезде (тікелей немесе телефоны бойынша): 1) МСАК ұйымына құжаттарды тапсырған сәттен бастап 10 (он) минуттан артық емес; 2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 10 (он) минут; 3) МСАК ұйымының қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 10 (он) минут. ПЭП арқылы етініш берген кезде: МСАК ұйымына құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 30 (отыз) минуттан аспайды. МСАК ұйымына тікелей немесе телефон бойынша жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет жүгінген күні көрсетіледі. ЭҮП арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет жүгінген күні ЭҮП-пен көрсетіледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті (сенімхат бойынша оның өкіліне) көрсету нәтижесі	1) тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің шақыртуларды тіркеу журналында жазу және дәрігердің келетін күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру; 2) ЭҮП-ке электрондық форматта жүгінген кезде – жеке кабинетінде электрондық өтінім статусы түрінде хабарлама. Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраныс қабылданғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға белгіленген уақытта үйде медициналық көмек көрсетіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) МСАК ұйымы – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жекесенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма – үзіліссіз сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі – сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін). Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұраныс МСАК ұйымының жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін);

		<p>2) ЭҮП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	<p>1) МСАК ұйымына: тікелей жүгінген жағдайда жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 2) ЭҮП-ке: электрондық нұсқадағы сұраныс.</p> <p>МСАК ұйымы жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) ЭҮП арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды ЭҮП-те тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе ЭҮП хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сактау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін осы медициналық ұйымға бекітілмеуі.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Пациент ЭҮП тіркелген субъектінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру жолымен немесе ЭҮП хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Пациенттің ЭЦҚ болған жағдайда ЭҮП арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ-ны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты тандау қажет.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандустың, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жолды шақыру түймесінің, күту залының, құжаттардың үлгілері бар тіректердің болуы.</p>

Медициналық-санитариялық

алғашқы көмек көрсету

қағидаларына

7-қосымша

"Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Қызмет берушінің атаяу	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымы (бұдан әрі – МСАК ұйымы); 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы жүгінген сәттен бастап, сондай-ақ ЭҮП-ке жүгінген кезде – үйге шақыру кезінде, жұмыс күні ішінде, 30 (отыз) минуттан аспайды; 2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 30 (отыз) минут. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде жүгінген күні көрсетіледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) МСАК ұйымдарына тікелей жүгінген кезде, участекілік дәрігер немесе жалпы практика дәрігері қол қойған, жеке дәрігердің мөрімен және МСАК ұйымының мөрімен расталған "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 027/е нысаны бойынша берілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама; 2) ЭҮП жүгінген кезде - МСАК ұйымының электрондық цифрлық колтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында; 3) дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) МСАК ұймы – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен баска, дүйсенбіден бастап жұмaga дейін үзіліссіз сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін. Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұраныс көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін). Пациенттерді қабылдау кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Алдын ала жазылу мен жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген; 2) ЭҮП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін

		, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	<p>1) МСАК ұйымына: тікелей жүгінген жағдайда жеке басын қуәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>2) ЭУП-ке: электрондық құжат нысандағы сұраныс.</p> <p>МСАК ұйымы жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметті немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) ЭУП арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды ЭУП-те тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе ЭУП хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін дәнсаулық сактау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін осы медициналық ұйымға бекітілмеуі.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Пациент ЭУП-та тіркелген субъектінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру жолымен немесе ЭУП хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Пациенттің ЭЦҚ болған жағдайда ЭУП арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ-ны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандустың, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жолды шақыру түймесінің, күту залының, құжаттардың үлгілері бар тіректердің болуы.</p>